ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2025 жылғы 30 қаңтар №5165-25-00-2/124 Түркістан қаласы

Түркістан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы С.Байтенов,
оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойыншаазаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Түркістан облысы денсаулық сақтау басқармасының «Облыстық жедел медициналық жәрдем станциясы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер «Керемет» Досболова Асел Шораевна

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
Мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:
АПК-нің 223-226, 267-4-баптарын басшылыққа алып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы Түркістан облысы денсаулық сақтау басқармасының «Облыстық жедел медициналық жәрдем станциясы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының талап қоюы қанағаттандырылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер «Керемет» Досболова Асел Шораевна мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы ретінде танылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер «Керемет» Досболова Асел Шораевнадан мемлекет пайдасына 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік баж алымы өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде Түркістан облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына осы сот арқылы апелляциялық шағым беруі, прокурор өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья **С. Байтенов**

Құжатқа қол қойылған: Байтенов С. К., 30.01.2025

Заңды күшіне енген күні: 07.03.2025, судья Байтенов С. К., 07.03.2025

«Төрелік» ақпараттық жүйесі - Сот өндірісі - Судопроизводство - Формационная система «Төрелік»